

Ауыл шаруашылығы дақылдарының элиталық тұқым шаруашылығын мемлекеттік қаражаттандырудың ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2001 жылғы 30 наурыздағы N 78 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 2 мамырда тіркелді. Тіркеу нөмірі 1491. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл Шаруашылығы министрлігінің 2012 жылғы 13 ақпандағы № 10-1/52 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ауыл Шаруашылығы министрлігінің 2012.02.13 № 10-1/52 Бұйрығымен.

"Астық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және "Ауыл шаруашылығы өсімдіктерін, жануарлары мен микроорганизмдерін сақтаудың, дамытудың және пайдаланудың 2001-2005 жылдарға арналған республикалық мақсаттық бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 1 тамыздағы N 1167 қаулысына сәйкес, отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді ауыл шаруашылығы дақылдарының жоғары сапалы тұқымдарымен қамтамасыз ету және элиталық тұқым шаруашылығын мемлекеттік қаражаттандыруға республикалық бюджеттен бөлінетін қаржының тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету мақсатында **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қоса беріліп отырған Ауыл шаруашылығы дақылдарының элиталық тұқым шаруашылығын қаражаттандырудың ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің облыстардағы аумақтық басқармалары:

элиталық тұқымдардың өндірілуін, өткізілуін және бекітілген квоталарға сәйкес пайдаланылуын қатаң бақылауды;

бекітілген Ережеге сәйкес қаржы алуға қажетті құжаттардың элиталық-тұқым шаруашылықтарына уақытылы берілуін қамтамасыз етсін. 3. Егіншілік және Астық департаменттері берілген құжаттардың ресімделуінің дұрыстығын бақылауды қамтамасыз етсін, сондай-ақ осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелуін қамтамасыз етсін. 4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Вице-Министр А.И. Мырзахметовке жүктелсін. 5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде Мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді. Министр Келісілді Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің Бірінші қаржы

Вице-Министрі 2001 ж. 30.03. N 78 2001 ж. 26.04. бұйрығымен бекітілді Ауыл шаруашылығы дақылдарының элиталық тұқым шаруашылығын мемлекеттік қаражаттандырудың ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Астық туралы" Қазақстан Республикасының Заңы, "Ауыл шаруашылығы өсімдіктерін, жануарлары мен микроорганизмдерін сақтаудың, дамытудың және пайдаланудың 2001-2005 жылдарға арналған республикалық мақсаттық бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 1 тамыздағы N 1167 қаулысына сәйкес әзірленді және ауыл шаруашылығы дақылдарының элиталық тұқым өндірісін тиісті жылға мемлекеттік қаражаттандыруға республикалық бюджетте көзделген қаражаттардың шығындар сметасында белгіленген қаражаттар есебінен және оның шегінде, 2002 жылдан бастап тиісті жылға арналған республикалық бюджетте осы мақсатқа көзделген қаражат есебінен және оның шегінде мемлекеттік қаражаттандырудың жалпы шарттары мен тәртібін белгілейді.

2. Мемлекеттік жәрдемақы "Қазақстан Республикасында пайдалануға жол берілген селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіміне" енгізілген және отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге қаражаттандыру жүргізілетін жылғы егіннің астығына арзан бағамен нақты сатылған ауыл шаруашылығы дақылдарының аудандастырылған сорттарының элиталық тұқымының өндіріс шығынын ішінара өтеу үшін арналған.

3. Нақты элиталық тұқым өндіруші шаруашылық бойынша квоталар бөлу арқылы тиісті жылға арналған республикалық бюджетте осы мақсатқа көзделген қаражат есебінен және оның шегінде элиталық тұқым өндіруші шаруашылықтардың өндіріс шығынын ішінара өтелуге жататын элиталық тұқымның жалпы көлемін тоннамен Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - Ауылшармині) белгілейді.

4. Тиісті жылға арналған республикалық бюджетте осы мақсатқа көзделген ауыл шаруашылығы дақылдарының элиталық тұқым шаруашылығын сақтауға және дамытуға арналған мемлекеттік жәрдемақыны Ауылшармині заңнамамен белгіленген тәртіппен Ауылшармині аттестациялаған элиталық тұқым өндіруші шаруашылықтарға ғана бөледі.

5. Республикалық бюджеттен элиталық тұқым өндіруші шаруашылықтарға жәрдемақы мына дақылдардың:

дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар, май дақылдары, картоп - елдің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін дақылдардың;

көпжылдық және біржылдық шөптер - мал шаруашылығының тұрақты дамуын және ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеудің агро-технологиясының сақталуын қамтамасыз ететін дақылдардың элиталық тұқымының өндіріс шығынын ішінара өтеу үшін беріледі.

2. Мемлекеттік қаражаттандыру төлеудің тәртібі

6. Мемлекеттік жәрдемақы тиісті жылға арналған республикалық бюджетте элиталық тұқым шаруашылығын сақтауға және дамытуға көзделген қаражат есебінен және оның шегінде элиталық тұқымның отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге арзан бағамен нақтылай сатылған көлемі үшін әрбір элиталық тұқым өндіруші шаруашылық пен дақылдардың түрі бойынша элиталық тұқымның жоспарланған егіс алқабына ғылыми негізделген қажеттілікке сәйкес Ауыл шаруашылығы министрлігінің бұйрығымен бекітілген квота аумағында төленеді.

7. Элиталық тұқымның 1 (бір) тоннасын жеткізілген квоталар аумағындағы ең жоғарғы сату құнын жыл сайын Ауылшармині бекітеді. Элиталық тұқым өндіруші шаруашылықтар элиталық тұқымды тауар өндірушілерге Ауылшармині бекіткен және 1 (бір) тоннаға төленетін жәрдемақы көлемі мөлшеріне азайтылған бағадан аспайтын бағамен сатады.

8. Элиталық тұқымның 1 (бір) тоннасына төленетін жәрдемақы мөлшері жеке әрбір элиталық тұқым өндіруші шаруашылық бойынша емес, орташа есеппен қаражаттандырылатын дақылдардың әр түрі бойынша есептеледі.

9. Элиталық тұқым өндіруші шаруашылықтардың отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге элиталық тұқымды арзан бағамен сату көлемі жөніндегі квоталарды Ауылшармині жыл сайын белгіленетін егіс алқабының құрылымына сәйкес мына мерзімдерде:

күздік дақылдар бойынша - күзгі егіс басталғанға дейін;
жаздық дақылдар бойынша - көктемгі егіс басталғанға дейін белгілейді.

1 0 . К в о т а :

элиталық тұқымды өндіруде қатаң бұзушылықтар айқындалған;
элиталық тұқымның сапасы бұрмаланған;
элиталық тұқым өндіруші шаруашылық біліктілік талаптарға сай келмеген жағдайларда өзгертіле алады немесе алынып, басқа элиталық тұқым өндіруші шаруашылыққа беріле алады.

11. Элиталық тұқым өндіруші шаруашылықтар элиталық тұқымды өндіру мен белгіленген квота шегінде отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге арзан бағамен сату фактісін, ал аудандық аумақтық басқармалар отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің оларға сатылған элиталық тұқымның мақсатты пайдалану фактісін мына мерзімдерде:

күздік дақылдар үшін - элиталық тұқым өндірілген және себілген жылдың желтоқсанында;

жаздық дақылдар үшін - сол жылғы егіннің астығына элиталық тұқымның

сатылуы мен егісі жүргізілген жылдың шілде айында растайды.

12. Сатылған элиталық тұқым үшін ақша төлеу тиісті жылға арналған республикалық бюджетте осы мақсатқа көзделген қаражат есебі мен оның шегінде және нақты элиталық тұқым өндіруші шаруашылық үшін белгіленген квота бойынша ;

күздік дақылдар бойынша - элиталық тұқым себілгеннен кейінгі жылғы ақпан-наурызда және шілде-тамызда ;

жаздық дақылдар бойынша - сол жылғы егіннің астығына элиталық тұқымды сату және себу жүргізілген жылдың тамыз-қарашада жүргізіледі.

13. Ағымдағы жылда республикалық бюджеттен толық қаржыланбау салдарынан элиталық тұқым өндіруші шаруашылық алдында орындалмаған міндеттемелер келесі жылда бірінші кезекте тиісті жылға арналған республикалық бюджетте осы мақсатқа көзделген қаражат есебінен және оның шегінде орындауға жатады .

14. Ағымдағы жылдың жәрдемақысын төлеу Ауылшармині ағымдағы жылдың тағайындаулары есебінен элиталық тұқым өндіруші шаруашылықтар алдындағы міндеттемелерін өтегеннен кейін жүргізіледі.

3. Элиталық тұқым сатылу фактісін растау тәртібі

15. Элиталық тұқым өндіруші шаруашылықтар элиталық тұқымның сатылатыны туралы Ауыл шаруашылығы министрлігінің аудандық аумақтық басқармасының тұқым инспекторына алдын-ала ескертеді.

16. Элиталық тұқым өндіруші шаруашылық элиталық тұқымды сатқан кезде оның сапасын растау үшін сатып алушыға Ауылшарминінің аудандық аумақтық басқармасымен бекітілген белгіленген нысандағы "Тұқым аттестатын" береді. Аудандық аумақтық басқарманың тұқым инспекторы "Тұқым аттестанына" нөмір береді, элиталық тұқым өндіруші шаруашылықтар берген "Тұқым аттестаттарының" арнайы тіркеу журналын, элиталық тұқымның ауданда өндірілуі, сатылуы және мақсатты пайдаланылуы жөніндегі мәліметтер жиынтығын жүргізеді. Элиталық тұқымның себілу фактісін тексергеннен кейін тұқым инспекторы сатып алушымен бірге үш данада элиталық тұқымның мақсатты пайдаланылуы туралы акт жасайды - біреуі сатып алушыда, екіншісі - Ауылшармині аудандық аумақтық басқармасында қалады, үшіншісі - Ауылшарминіне жіберіледі (1-қосымша).

17. Элиталық тұқымның сатылу фактісін растау және демеу қаржы алу үшін элиталық тұқым өндіруші шаруашылықтар Ауыл шаруашылығы министрлігінің аудандық аумақтық басқармаларына осы Ереженің 11-тармағында көрсетілген мерзімде мына құжаттарды :

элиталық тұқым өндіруші шаруашылықтың нақтылай сатқан элиталық тұқымының көлемдері жөніндегі екі данадағы жиынтық тізімін - біреуі Ауылшарминінің аудандық аумақтық басқармасы үшін, екіншісі Ауылшармині үшін (2 - қ о с ы м ш а) ;

элиталық тұқымды өндіруге арналған бастапқы материалдың шығу тегін растайтын құжаттарды (апробация актілері мен көбейту питомниктері, суперэлита және элитаны апробациялау туралы есепті - "Сорттық егістерді апробациялау жөніндегі нұсқаулыққа" сәйкес; көбейту питомниктері мен суперэлита сатып алған жағдайда - Тұқым аттестаттарын);

белгіленген тәртіпте тіркелген тұқым сапасы жөніндегі аудандық лабораторияның тексерілген элиталық тұқымның саны мен сапасы туралы а н ы қ т а м а с ы н (3 - қ о с ы м ш а) ;

сатылған элиталық тұқымның бастапқы төлем құжаттарының көшірмелерін (тұқымды тиеп жөнелтудің жүк құжаттамасының, счет-фактуралардың, төлем түріне байланысты: аударым арқылы есеп айырысу кезінде - банктің төлем тапсырмаларының, қолма-қол есеп айырысу кезінде - кірістік кассалық ордерлердің, бартерлік есеп айырысу жағдайында - шарттардың, сатып алушылардың с е н і м х а т т а р ы н ы ң);

сатылған және сатып алынған элиталық тұқымның көлемі туралы элиталық тұқым өндіруші шаруашылық пен элиталық тұқым сатып алушының арасында жасалған алып-сату актісін (4-қосымша) тапсырады. Алып-сату актісі төрт данада жасалынады: біреуі - элиталық тұқым өндіруші шаруашылық үшін, біреуі - сатып алушы үшін, біреуі - Ауылшарминінің аудандық аумақтық басқармасы үшін, біреуі - Ауылшармині үшін.

18. Ауылшарминінің аудандық аумақтық басқармалары берілген бастапқы төлем құжаттарының (тұқымды тиеп жөнелтудің жүк құжаттамасының, счет-фактуралардың, төлем түріне байланысты - банктің төлем тапсырмаларының, кірістік кассалық ордерлердің, бартерлік есеп айырысу жағдайында - шарттардың, сатып алушылардың сенімхаттарының) көшірмелерін түпнұсқалармен салыстырады және өзінің мөрімен куәландырады. Куәландырылған бастапқы төлем құжаттарының көшірмелері, элиталық тұқымның нақтылай сатылған көлемдері жөніндегі жиынтық тізімнің (2-қосымша) бір данасы және алып-сату актісінің (4-қосымша) бір данасы Ауылшарминінің аудандық аумақтық басқармасында сақтауға қалдырылады. Олардың дұрыстығы мен сақталуы үшін Ауылшарминінің аудандық аумақтық басқармасының бастығы жауап береді.

19. Ауылшарминінің облыстық аумақтық басқармасына: элиталық тұқым өндіруші шаруашылықтың нақтылай сатқан элиталық тұқымының көлемдері жөніндегі жиынтық тізімі (2-қосымша);

алып-сату актісі (4-қосымша);
элиталық тұқымның мақсатты пайдаланылуы туралы акт (3-қосымша);
тексерілген элиталық тұқымның саны мен сапасы туралы белгіленген
тәртіпте тіркелген аудандық сынақ лабораториясының анықтамасы (3-қосымша)
т а п с ы р ы л а д ы .

20. Ауылшарминінің облыстық аумақтық басқармасы тапсырылған
құжаттарды тексеріп, өзінің мөрімен куәландырып, облыс бойынша жинақтық
акт жасап (5-қосымша) мына құжаттардың:

элиталық тұқым өндіруші шаруашылықтың нақтылай сатқан элиталық
тұқымының көлемдері жөніндегі жиынтық тізімінің (2-қосымша);

сатылған және сатып алынған элиталық тұқымның көлемі туралы элиталық
тұқым өндіруші шаруашылық пен элиталық тұқым сатып алушының арасында
жасалған алып-сату актісінің (4-қосымша);

элиталық тұқымның мақсатты пайдаланылуы туралы актінің (1-қосымша);
тексерілген элиталық тұқымның саны мен сапасы туралы белгіленген
тәртіпте тіркелген аудандық сынақ лабораториясының анықтамасының (3-
қосымша) түпнұсқаларын қосып, оны Ауылшарминінің Егіншілік
департаментіне жібереді.

21. Егіншілік департаменті тапсырылған құжаттарды тексеріп, республика
бойынша жиынтық акт жасап (6-қосымша), оны осы салаға жетекшілік ететін
Вице-Министрмен келістіріп, төлем жасау үшін мына құжаттардың:

республика бойынша жиынтық актінің (6-қосымша);
алып-сату актісінің (4-қосымша);

элиталық тұқымның мақсатты пайдаланылуы туралы актінің (1-қосымша)
түпнұсқаларымен бірге Қаржы департаментіне тапсырады.

22. Қаржы департаменті тапсырылған құжаттарды тексеріп, белгіленген
бағалаулар негізінде элиталық тұқым өндіруші шаруашылыққа тиесілі қаржының
көлемін анықтап, екі данада жәрдемақы төлеу ведомостін жасап (7-қосымша),
оны Қаржы департаментіне жетекшілік ететін Вице-Министр бекітеді, осы
ведомостін бір данасын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің
Қазынашылық комитетінің аумақтық органына тапсырады және ағымдағы жылға
арналған элиталық тұқым шаруашылығын мемлекеттік қаражаттандырудың
тиісті бюджеттік бағдарламасы бойынша қаражаттың шығыстар сметасында
белгіленген қаражаттың шеңберінде тиесілі сомаларды элиталық тұқым өндіруші
шаруашылықтардың есеп шоттарына аударады.

1 - қ о с ы м ш а

" Б е к і т е м і н "

ҚР АШМ аудандық аумақтық басқармасының бастығы _____ (Ф.А.Ә., қолы,
мөрі) 200__ жылғы "___" _____

Элиталық тұқымды мақсатты пайдалану туралы 200__ "___" _____
N ___ Акт Біз, төмендегі қол қоюшылар, Ауыл шаруашылығы
министрлігінің _____ облысы _____ аудандық аумақтық
басқармасының тұқым инспекторы (ауданның атауы) бір жағынан және элиталық
тұқым сатып алушы _____ (шаруа жасаушы
субъектінің, _____
__ сортының ауданның, облыстың атауы) _____ элиталық тұқымын
_____ тонна көлемінде (дақыл) _____ (_____
элиттұқшардың атауы) 200__ жылғы "___" _____ N ___ алып-сату
актісі бойынша сатып алғаны және N _____ бөлімшенің (бригаданың), N ___
егісінің, _____ га алқабында тұқымдық учаскеге себуге пайдаланғаны туралы
осы актіні жасадық. ҚР АШМ аудандық аумақтық Сатып алушы _____
_____ басқармасының тұқым инспекторы _____
_____ Реквизиттері _____

_____ (Ф.А.Ә., қолы) (_____
Ф.А.Ә., қолы) 2-қосымша Бекітемін: ҚР АШМ аудандық аумақтық
басқармасының бастығы _____ (Ф.А.Ә., қол, мөрі) 200__ жылғы
"___" _____ облысы _____ элиттұқшары
бойынша (элиттұқшардың атауы) ауыл шаруашылығы дақылдарының элиталық
тұқымын 200__ жылғы егіннің астығына отандық тауар өндірушілерге нақтылай
сатылу көлемі жөніндегі жиынтық реестр -----

----- Тұқым сатып!Дақыл!Сорт!Алып-сату!Сатылған! Төлем !
Элиталық!Тауар өндіру. алған тауар! ! !актісінің!элиталық!құжаттары!тұқымның
!ші сепкен өндірушінің! ! !N, күні !тұқымның! бойынша !1 тонна.!элиталық тұ.
атауы ! ! ! көлемі, ! төлем !сының !қымның көлемі, ! ! ! !тонна ! сомасы !құны, !
тонна ! ! ! ! !теңге ! ----- 1
! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7 ! 8 -----

----- Жиынтығы -----
----- Элиттұқшардың басшысы (Ф.А.Ә., қолы, мөрі) Бас бухгалтер (Ф.А.Ә., қолы
) ҚР АШМ аудандық аумақтық басқармасының тұқым инспекторы _____
_____ (Ф.А.Ә., қолы) Қоса беріледі: алып-сату актісі, бастапқы төлем
құжаттарының көшірмелері: төлем түріне байланысты - төлем тапсырыстарының
, кірістік кассалық ордерлердің, тауарлық-көліктік құжаттардың,

шот-фактуралардың, сатып алушылардың сенімхаттарының, бартерлік келісім кезінде - шарттардың. 3-қосымша "Бекітемін" ҚР АШМ аудандық аумақтық басқармасының бастығы _____ (Ф.А.Ә., қолы, мөрі) 200__ жылғы "___" _____

_____ облысы (облыс атауы) _____
_____ (элиттұқшардың, ауданның атауы) элиталық тұқым өндіруші шаруашылық бойынша 200__ жылғы егіннің астығына сату үшін тексерілген тұқымның саны мен сапасы туралы анықтама -----

----- Дақыл!Сорт!Репродукция! Тексерілген тұқымның саны мен сапасы !!!----- !!!
Барлығы ! м.і. сатуға арналғаны !!!----- !!!
Көлемі, ! Себу стандар.! Көлемі, ! Себу стандар. !!! тонна ! тының сыныбы ! тонна ! тының сыныбы -----

----- Барлығы -----

----- Сынақ лабораториясының директоры (меңгерушісі) (Ф.А.Ә., қолы, мөрі) Тұқымдық сараптама жөніндегі бас маман (Ф.А.Ә., қолы, мөрі) Куәландырылды: Ауыл шаруашылығы министрлігінің аудандық аумақтық басқармасы (Ф.А.Ә., қолы, мөрі) Ауыл шаруашылығы министрлігінің облыстық аумақтық басқармасы (Ф.А.Ә., қолы, мөрі)

4 - қ о с ы м ш а

" Б е к і т е м і н "

ҚР АШМ аудандық аумақтық басқармасының бастығы _____ (Ф.А.Ә., қолы, мөрі) 200__ жылғы "___" _____

Элиталық тұқымның алып-сатылуы туралы 200__ жылғы "___" _____
N ___ акт Біз, төмендегі қол қоюшылар, _____ элиталық тұқым (элиттұқшардың толық атауы) өндіруші шаруашылық бір жағынан және сатып алушы _____ облысы _____ ауданы _____
_____ екінші (тауар өндірушінің толық атауы) жағынан, элиталық тұқымды біріншісінің сатқаны, ал екіншісінің сатып алғаны туралы осы актіні жасадық: -----

Рет!Дақыл!Сорт!Сатылған!Элиталық!Апробация!Сатылған!1 тоннаның!Төлем құжаты N !!! күні !тұқым !акті мен !элиталық! құны !бойынша !!! !сатылған!" Тұқым !тұқымның! !төлем сома. !!! !төлем !аттеста. !көлемі, ! !сы, теңге !!! ! құжаты. !тының" !тонна !!!!! !ның күні!күні мен !!!!! !мен N !N !!! -----

----- Барлығы -----

----- Сатып алушы сатып алынған элиталық тұқымды тұқымдық учаскеде себу үшін пайдаланатынына міндеттенеді. Элиталық тұқым өндіруші

----- Егіншілік департаментінің директоры (Ф.А.Ә., қолы) Бөлім бастығы
(Ф.А.Ә., қолы) 7-қосымша "Бекітемін" ҚР Ауыл шаруашылығы Вице-Министрі _
_____ 200_ жылғы "___" _____ 200_ жылғы 1 қаңтардан "___
_" _____ дейінгі кезеңде элиталық тұқым шаруашылығын сақтауға
және дамытуға жәрдемақы төлеу үшін бөлінетін қаражаттың Тізімдемесі -----
----- Атауы !Дақыл!Сатылу!
Элиталық !Элиталық!Сатылған!Жыл басынан -----! ! күні ! тұқымның !
тұқымның!элиталық!бастап тие. облыс !элиттұқшар! ! ! сатылуының !нақтылай!
тұқымның!сілі жәрдем. ! ! ! ! жылдық !сатылға.!1 тонна.!ақы сомасы ! ! ! !
квотасы !ны !сының !(теңге) ! ! ! !-----!(тонна) !бағасы ! ! ! ! !тонна! сома ! !
(теңге) ! ! ! ! !!(теңге)! ! ! -----
---- 1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7 ! 8 ! 9 -----
----- таблицаның жалғасы: ----- Жыл басынан !
Тиесілі ! 2002 жылғы бастап бөлінгені ! жәрдемақы ! "___" (теңге) ! сомасының !
_____ ! қалдығы ! квота ! (теңге) ! көлемінде ! ! төленуге ! ! тиісті -----
----- 10 ! 11 ! 12 -----
----- Қаржы департаментінің
директоры (Ф.А.Ә., қолы) Мамандар: Икебаева Ә.Ж. Жұманазарова А.Б.